ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

* * *

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, 070004, ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ, ҚАЙСЕНОВ КӨШЕСІ, ҮЙ 10А.

№ 22-65/632
"04" 05 2024

Білім беру ұйымдарының басшыларына

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 2641 хаты негізінде, білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтерге және оқушыларға интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша ішкі істер органдарымен бірлесіп жалпы құқықтық түсіндіру жұмыстарын 2024 жылдың 20 мамырына дейін және жаңа оқу жылының басында, яғни 2024 жылдың 20 қыркүйегіне дейін жүргізілуін, білім беру ұйымдарында «Алаяқтардан сақтану жолдары» атты жеке бұрышын жасау және ішкі істер органдарынан соңғы ақпараттарды ала отырып үнемі жаңартылуын, сонымен қатар, **cyberpolice_vko** инстаграм желісіне жазылуын қамтамасыз етуіңізді сұраймын.

Білім беру ұйымдарында киберқылмыстың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат әр білім беру ұйымының және білім бөлімінің ресми сайттарында және әлеуметтік желісінде жариялау қажет.

Ұсыныс бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты **2024 жылдың 10 мамырына дейін** ресми сайттарға және әлеуметтік желіде жариялап otdel_kadrov@goroukg.edu.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет.

Қосымша қоса беріледі.

Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімі басшысы **С. Алагузова**

Орын.: Бейсенғазықызы А.
тел.: 250893